ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2023 жылғы 31 қазандағы №7119-23-00-2/11899 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот судьясы Ғ.С.Төлебекова
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«BADEN Group» жауапкершілігі шектеулі серіктістігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. келісім-шартты бұзу туралы
3. тұрақсыздық айыбы сомасын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «BADEN Group» жауапкершілігі шектеулі серіктістігіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, келісім-шартты бұзу, тұрақсыздық айыбы сомасын өндіріп алу туралы талап қоюы ішіңара қанағаттандырылсын.

«BADEN Group» жауапкершілігі шектеулі серіктістігіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Тюлебекова Г. С., 31.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 11.12.2023, судья Тюлебекова Г. С., 11.12.2023

«BADEN Group» жауапкершілігі шектеулі серіктістігінен мемлекет кірісіне 78 теңге (бір мың жеті жүз жиырма жеті) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы, 1727 (бір мың жеті жүз жиырма жеті) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «BADEN Group» жауапкершілігі шектеулі серіктістігіні келісім-шартты бұзу туралы талап қоюы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья (қолы) Ғ.С.Төлебекова

Құжатқа қол қойылған: Тюлебекова Г. С., 31.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 11.12.2023, судья Тюлебекова Г. С., 11.12.2023

7119-23-3-1/11784